

**«АБАЙ ОБЛЫСЫ БЕСҚАРАҒАЙ АУДАНЫ ДОЛОН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ
МИНЕРАЛДЫ (АКТИВТЕНДІРІЛГЕН) ҰНТАҚ ӨНДІРУ КЕШЕНІН САЛУ»
ЖОБАСЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕР ЕТУГЕ РҰҚСАТ АЛУ ҮШІН ҚҰЖАТТАР
ЖИЫНТЫҒЫ БОЙЫНША АШЫҚ ЖИНАЛЫС ТҮРІНДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН
ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ХАТТАМАСЫ**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы:
«Абай облысы Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ
2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:
«Абай облысы Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округінде минералды (активтендірілген) ұнтақ өндіру кешенін салу» жобасына экологиялық әсер етуге рұқсат алу үшін құжаттар жиынтығы.
3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы.
ҚР ЭжТРМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК, «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.
4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:
Әкімшілік жағынан көзделіп отырған қызмет учаскесі Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бесқарағай ауданында орналасқан.
5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Бөдене ауылы.
6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері:
«Семей-Орда» ЖШС. БСН 001140002864, ҚР, Абай обл., Семей қ-сы, Тихий к-сі, 22, +7 702 704 6909.
7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.
«ЭКО2» ЖШС. ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Стахановская к-сі 70/1. Тел.: 8(7232) 402-842, 87084402842. Эл.мекен-жайы: ofis@eco2.kz.
8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):
Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты 30.07.2024 ж. сағат 10:40.
Қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты 30.07.2024 ж. сағат 11:00.
Өткізу орны: Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Бөдене ауылы, Ә.Қашаубаев к-сі, ба.

9. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Сұрау-хаттың, жауап-хаттың көшірмесі осы хаттаманың 1-қосымшасында ұсынылған.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы хаттаманың 2-қосымшасында ұсынылған.

11. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіндігі туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

Бірыңғай экологиялық порталда:

1) Жоба бойынша құжаттама БЭК-те орналастырылған
<https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=19506>.

2) ЖАО сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>

3) Бұқаралық ақпарат құралдарында:

13.06.2024 ж. №1250 «Менің өлкем» облыстық газеті, сондай-ақ 11.06.2024 ж. Абай облысындағы «РТРК Қазақстан» АҚ эфирінде хабарландыру орналастыру

4) Әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында:

Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Долон ауылдық округі, Бөдене ауылыныда мәтіндік хабарландыру орналастыру.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруды орналастыру туралы фотоматериалдар 3,4-қосымшаларда ұсынылған.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдау төрағасы болып Құмаров Талғат Пішенбаевич (Долон ауылдық округінің әкімі) тағайындалды.

Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы болып Нұрсолтанова Зубайра Алхатқызы тағайындалды.

«Жақтап» - 14,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу регламенті:

Баяндама-15 мин;

Сұрақ – жауап-10 мин;

Қорытынды шығару-5 мин.

«Жақтап» - 14,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Қатысушылардың қоғамдық тыңдауларды өтті деп тану туралы және жобаны іске асыру туралы шешімдері:

«Жақтап» - 14,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Қоғамдық тыңдаулар мүдделі жұртшылықтың қатысуына байланысты өткізілді деп есептеледі

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

«ЭКО2» ЖШС инженер – экологы А.Мұратова «Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Долон ауылдық округінде минералды (активтендірілген) ұнтақ өндіру кешенін салу» жобасына экологиялық әсер етуге рұқсат алу үшін құжаттар жиынтығының мазмұнымен таныстырды. Баяндама беттерінің саны – 4 бет, презентация - 21 слайд көрсетілді.
Баяндамалардың мәтіндері 5-қосымшада ұсынылған.

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен барлық ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі			
1	НУРСУЛТАНОВ К. – АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ Бағанағы айтқан суларды, шығарындыларды қадағалайтын кім? Біздің ауылға жақын болғандықтан комиссия ішіне ауылдастарды қатыстырыңыздар.	МҰРАТОВА А. «ЭКО2» ЖШС ИНЖЕНЕР-ЭКОЛОГІ Барлық әсерлер тікелей тапсырыс берушіге жүктеліп міндеттелетін болады. Тапсырыс берушіге қадағалуға жүктеледі. Егерде бұның бәрі сақталмаған жағдайда экология Департаменті келіп тексереді. ТАСТЕКЕЕВ Ш.«СЕМЕЙ-ОРДА» ЖШС ДИРЕКТОРЫ Бұл жерде мынындай жағдай болып жатыр: біз 5 жылдан артық жұмыс істеп жатырмыз Известковое-Левобережное кен орнында. Тау жұмыстарын қазған кезде біз оларды өңдейміз. Төрт түрлі фракция болады. Ұсағы болады, үлкен кішкенесі болады. Соның жартысы қазір қалып жатыр өңделмей складта. Оны әрі қарай өңдеуіміз қажет, қалдық қалтырмай. Соны өңдеу үшін бұл заводты қойғай жатырмыз. Қояр алдында ойландық, қайда қоямыз деп. Бізге ең ыңғайлысы Семейге қою болды негізі. Семейге қойсақ стройметриалымызда арзанға тусуші еді, өзімізде ары-бері сандалмай сол жер ыңғайлы болушы еді. Екі-үш варианттарды қарастырдық. Біріншіден осы жерде өңдегеніміз дұрыспа деп ойладық, екіншіден осы ауыл-аймаққа артынан келе жұмыс орнын берейік деп отырмыз. Механиктер керек, сварщиктер керек, осы ауылда специалисттер аз. Үшіншіден бұндай ұнтақ шығаратын жерлер өте көп, Семейде мысалы Алина	Алынған ескертпе

		деген компания бар, алинекс шығаратын. Бізге бәрібір өндіру керек, қалдық қалдырмау керек, сол үшін заводты салу керек болды. Сондықтан ойлана келе осы жерге салатын болдық. Салар алдында ойландық, ертен шаң болмасын деп. Шаң болғанда да бұл известняк қой, CaCO_3 әктәс қабырға сылайтын. Бұл зиян болса сылауға болмаушы еді. Бұл бүкіл бактерияларға дезинфекция жасайды. Енді әктәстің өзі щелочь болғандықтан оны сабын жасау кезінде қолданады. Менің ойымша ешқандай зияны жоқ. Соның өзінде шаңды азайту үшін біз қондырғылар қоямыз.	
2	Бізге қандай пайдасы бар? Пайдасы жоқ қой бізге.	ТАСТЕКЕЕВ Ш. «СЕМЕЙ-ОРДА» ЖШС ДИРЕКТОРЫ Төленетін салық жергілікті бюджетке түседі. Заңды түрде. Ал бюджетті бөлуді маслихаттағы депутаттар шешеді.	Алынған ескертпе
3	МАМЫРЖАНОВ Д. – АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ Сіз тағыда келіп отырсыз. Былтыр бізге ауылдың ортасына тас төгіп беремін деп уәде бергенсіз. Біреуінде істемедіңіздер. Сіз төккен жерге емес, ауылдың ортасына деп сұрағанбыз. Біз өзара келістік сіз ауылдың ортасындағы мусорды шығарып бересіз, орнына тас төгіп, жоқ қой істемедіңіз. Бір жыл өтті.	ТАСТЕКЕЕВ Ш. «СЕМЕЙ-ОРДА» ЖШС ДИРЕКТОРЫ Біз әкімшілікпен сөйлескеміз. Қай жерге тас төгу керек деп. Сіз ойламаңыз әкеліп төге салады деп, біздіде өкімет келіп тексереді, жылына қанша тас шығарды, оны қайда жіберді деп, сондықтан бір уақытта емес ақырын-ақырын әкеліп отырамын дедім. Мүмкіндігімізге қарай. Бұл бір күнде болмайтын нәрсе. Мен сізге айттым ғой күн суытып келе жатыр, бізде бір ай техника бұзылып тұрды. Сол кезде жұмыста тоқтап қалды. Ия, біз білеміз деп айттым, мен берген уәдемді орындауға тырысамын. Әлі де алда, алі де істелінеді бұл жұмыстар. Мысалы біз мектепке көмектесеміз, малоимущиларға Жаңа жылда подароктар жібергенбіз, газеттерге жазылдық. Колымнан келгенше көмектесемін.	Алынған ескертпе
4	МАМЫРЖАНОВ Д. – АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ Мен сізге айттым бір-екі күнге техника жіберіңіз деп.	ТАСТЕКЕЕВ Ш. «СЕМЕЙ-ОРДА» ЖШС ДИРЕКТОРЫ Мен ол техниканы жібергенде менде де адамдар жұмыс жасайды,	Алынған ескертпе

	Бір жыл өтті жібермедіңіз ғой. Сіздердің тастарыңыз керек жоқ, өзіміздің тасты тасуға техника берсеңіз.	20 адам жұмыссыз отырама, Силикатный завод кунде звандайды, қанша тонна жібересіздер деп. Бос болған кезде жіберемін. Біз жалдамалы техниканы қолданамыз, договор бойынша, договорда жазылады қай жерде жүретінін. Олар сол жерде жазылған аумақтан шығып кете алмайды. Сіз ойлайсыз неге жібермейді деп, ертен техниканы транспортный инспекция ұстап алса штраф салынады. Бұл оңай емес. Бірақ ақырындап жібереміз. Былтыр погрузчик жіберген кезде мен сізге хабарласайын дегенмін, бірақ номеріңізді жоғалтып алыпшын. Өзіңізге айтайын деп едім, погрузчик бара жатыр деп.	
5	ҚҰМАРОВ Т.П. - ТӨРАҒА Сіздерді түсінемін өндіріс болғандықтан жұмыс тоқтамауы керек. Бірақ халықтың наразылығы да дұрыс деп ойлаймын. Сіз күнделікті жоспар жасайсыздар ғой, соның арасында ауылды да қоссаңыз. Техника болған соң ол сынады, бірақ енді уәде бердіңіз сондықтан соны орындағаныңыз дұрыс. Келіскен погрузчикке путевойға жазып берсеңіз тоқтатқан адамға түсінікті болды ғой, соны ойластырсаңыз болады.	ТАСТЕКЕЕВ Ш. «СЕМЕЙ-ОРДА» ЖШС ДИРЕКТОРЫ Былтыр погрузчик жібердім, осында келді, жолды тазалап, түзеді Сосын мен сұрадым тағы қандай жұмыс бар деп. Маған болды осы жұмыс ғана деді. Погрузчик қайтты. Мен білмеймін ғой тағы қандай жұмыс бар екенін. Машина келді, айтылған жұмыстар жасалды. Зубайра апай хабарласады, мен аямаймын көмегімді, қолымнан келгенше көмектесемін. Кейде уақыт болмай қалады, оған ренжімейсіздер.	Алынған ескертпе
5	МОЛДЫБАЕВ Н. – ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ ДИРЕКТОРЫ Сіз енді былтыр келдіңіз. Енді уақытыңыз болғанда халықтың жағдайын біліп кетуіңізге болады ғой. Осындай басыңызға іс түскенде ғана келесіз. Әрине халық қарсы болады. Жағдайыңыз бар, көмектессеңіз болады. Мысалы орталық жолмен жүре алмаймыз, көктемде	ТАСТЕКЕЕВ Ш. «СЕМЕЙ-ОРДА» ЖШС ДИРЕКТОРЫ Сіздер мені әкім деп ойлайсыздарма? Бұл жұмысты акимат жасау керек қой, мен налогымды төледім, заң жүзінде бәрі тузу. Қалтама салған жоқпын, местный бюджетке төледім. Мысалы сіздер ертен айтуларыңызға болады Бөдене бойынша кім қанша налог төледі, бізге қанша бөлінді, осы көшені түзеткенге беріндер деп. Ал қалған жұмыстарды бюджеттен	Алынған ескертпе

	батпақ болады, балалар мектепке жете алмай. Техниканы бөлсеңіз сол жолды тегістеу керек еді.	бөлінбеген, мен көмектесуге тырысамын. Мен ешқашан отказ берген жоқпын. Біз енді аяққа тұрып келе жатқан компаниямыз, ақырындап жасалады бәрі. Ақша тусіп жатса неге көмектеспеске. Техника жағынан уақытымен, ретімен көмектесеміз.	
6	МАМЫРЖАНОВ Д. – АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ Сіз сонда жаңа жер сұрап отырсыз ба? Бізге акимтта кеше жер сұрайды деп айтты ғой	ТАСТЕКЕЕВ Ш.«СЕМЕЙ-ОРДА» ЖШС ДИРЕКТОРЫ Жоқ жұмыстар өз жерімізде жүргізіледі. Действующий предприятиянің аумағында.	Алынған ескертпе
7	КУЛЖАПАРОВА М.Т. - АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ Мен мектеп директорымын. Сөзіңізде айттыңыз мектепке көмек жасалды деп. Қай жылы қашан, қанша, соны айтып кетсеңіз. Бөдене ауылына берілген жоқ, мына жерде халықтың көзінше мен сол подарокты алып қойғандай болып отырмын. Казникельдан подарок алдық, оның 10 штүгін сіздер (акимат) алып қалдыңыздар сонда бұл кісілердің подаркысы қайда. Неге басқа ауылдарға бересіздер? Бізге не үшін келдіңдер сонда? Олардың өздерінің спонсорлары жоқпа?	ТАСТЕКЕЕВ Ш.«СЕМЕЙ-ОРДА» ЖШС ДИРЕКТОРЫ Жыл сайын Долон а.о. подарок жібереміз. 2023,2022 жылы бердік. Былтыр директор жас жігіт болған, Аслан Алтаевич сол кісіге де бергенбіз тікелей. ҚҰМАРОВ Т.П. – ТӨРАҒА Енді ауылдық округте үш мектеп қой, үшеуіне бөлдік, бір ауылдық округ болғаннан кейін. Казникель де берген Жаңа жылда, бұл кісі де көмектескен, оны біз Мостик пен Долон мектебіне бөлдік 1-ден 5 сыныпқа. Мен де оны өзіме алған жоқпын, берген бала санын есептеп бөлдік. МҰРАТОВА А. «ЭКО2» ЖШС ИНЖЕНЕР-ЭКОЛОГІ Құрметті қатысушылар ержеге сәйкес қоғамдық тыңдау жұмыс жасау орнына ең жақын елді мекенде өткізілу керек. Ең жақын елді мекен Бөдене кенті болғандықтан осында өткізіп отырмыз. Бүгін қарастырылып отырған сұрақ эколгиялық жағдайды қарастыру. Экология жағынан әсерлерді мен айтып кеттім, жасалған еспетерге сәйкес бәрі норматив шегінде болады. Ережеге сәйкес біз бұл қоғамдық тыңдауды өткізуге міндеттіміз, ол заказчиктің ойынан шыққан зат емес. Ал сіздер айтып отырған мәселелерді арнайы бір күні кездесу ұйымдастырып, Шалқар мырзаны шақырып, бөлек жиналыс	Алынған ескертпе

		ашуларыңызға болады. Сіздердіде түсініп тұрмын, бірақ бұл сұрақтар бүгінгі тақырыпқа қатысы жоқ сұрақтар. Әкімшілік ненің қайда бөлетінін арнайы жиналыста талқыласаңыздар болады. Әкімшілікті, Шалқар мырзаны, депутаттарды шақырып, план жасаңыздар, Шалқар мырза қандай көмек бере алады соны жоспарлап келіссеңіздер болады. Бұл кісі осы сұрақтарға әрқашан ашық.	
8	КАЗИЗОВ М. - АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ Қарттар күнін, аналар күнін өткіздік оғанда көмектесті. Көлден барып көмек сұрағанда, жолға төккенге шебень сурап. Береген жоқ, ақшасы жарты миллион болды. Сонда 7 машине жіберіп Шалқар көмектесті. Өзіміздің қазақ азаматы, неге қолдамасқа? Айтқаннан кейін шындықты айту керек. Жаңа жұмыс орындары болады, жұмысқа аламын деп отыр.	-	Алынған ескертпе
9	КУЛЖАПАРОВА М.Т. - АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ Канша налог төлеп отырсыз? Бюджеттен бір тиында бөлініп отырған жоқ ауылға. Ауылға қандай пайдасы бар?	ТАСТЕКЕЕВ Ш.«СЕМЕЙ-ОРДА» ЖШС ДИРЕКТОРЫ Жылына 45 млн.тенге төлеп отырмын. Былай жасайық, сіздер сайлаған маслихат депутаттары бар. Сол кісілерді шақырайық, мен келейін, әкім келсін бәріміз отырып осы сұрақтарды шешейік, біз налог төлеп отырмыз, соны бюджетті қарастырайық. Ақырындап қарастырамыз. Бәрін қатырамын демеймін, бірақ шамам жеткенше көмектесемін.	Алынған ескертпе
10	Мысалы бүкіл республикада «Дорога в школу» болып жатыр. Бір бала қамтылмай қалған жоқ. Бізде ондай жоқ.	ҚҰМАРОВ Т.П. – ТӨРАҒА Ол науқан жылда тамыз айының 1-нен 1 қыркүйекке дейін жалғасады. Бұл сұрақпен бекітілген мамандар жұмыс жасап жатыр, ТОО, ИП келісіп. Неге олай айтасыз? Қанша оқушы бар бәріне бөлінеді.	Алынған ескертпе
11	МАМЫРЖАНОВ Д. – АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ Сонымен техника бере аласызба? Бізге погрузчик,	ТАСТЕКЕЕВ Ш.«СЕМЕЙ-ОРДА» ЖШС ДИРЕКТОРЫ 15 қыркүйекке дейін сіздермен хабарласып, күнін белгілейік,	Алынған ескертпе

	екі КАМАЗ керек екі кунге. Нақты қай кезде жібере аласыз соны айтыңызшы?	жіберемін.	
--	--	------------	--

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсіну үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы Сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары:

Құжаттаманы түсінудің толықтығы мен қол жетімділігі бойынша ескертулер, шағымдар, ұсынымдар және ұсыныстар түскен жоқ. Құжаттама бірыңғай экологиялық порталдың сайтында орналастырылды (ecportal.kz).

Баяндама Мұратова Айжан Мұратқызымен толық көлемде ұсынылды.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына сот тәртібімен шағым жасауға болады.

17. Қоғамдық тыңдау төрағасы:

Құмаров Талғат Пішенбаевич – Долон ауылдық округі әкімі

 01.08.2024

18. Қоғамдық тыңдау хатшысы:

Нұрсолтанова Зубайра Алхатқызы – бас маман

 01.08.2024

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 24230410001, Дата: 04/06/2024

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории:

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Войти Zoom Конференция
<https://us05web.zoom.us/j/89746055084?pwd=Q3YcMmN7bkdDZGloWF46YcRRbnW5.1> Идентификатор конференции: 897 4605 5084 Код доступа: 5eGxA0

Предмет общественных слушаний: Строительство комплекса по производству минерального (активированного) порошка в Долонском сельском округе Бескарагайского района области Абай

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Абай, Бескарагайский район, Долонский с.о., с.Бодене, административное здание ул.А Кашубаева 6а, 30/07/2024 11.00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Областная газета "Менің өлкем", Телеканал "Казахстан"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

информационная доска автомата

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "СЕМЕЙ-ОРДА" (БИН: 001140002864), 87051478015, ***,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов
административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных
слушаний**

исходящий номер: 24230410001, Дата: 07/06/2024

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №24230410001, от 04/06/2024 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Строительство комплекса по производству минерального (активированного) порошка в Долонском сельском округе Бескарагайского района области Абай, в предлагаемую Вами 30/07/2024 11:00, область Абай, Бескарагайский район, Долонский с.о., с.Бодене, административное здание ул.А Каппубаева ба(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "СЕМЕЙ-ОРДА" (БИН: 001140002864), 87051478015, ***,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы
Регистрационный лист участников общественных слушаний

№	Аты жөні/ФИО	Қатысушы санаты/ Категория участника	Байланыс телефон нөмірі/ Контактный номер телефона	Қатысу форматы/ Формат участия	Қолы/ Подпись
1	2	3	4	5	6
1	Мордашев К.	житель	8744 896 1861	осно	ф
2	Ковалев К.	житель	8744 46 8507	осно	ф
3	Мамартова Н.С.	житель	8434 47 318	осно	ф
4	Адыбекова А.	житель	8705 562 5383	осно	ф
5	Кутмазарова Н.Т.	житель	8744 2870302	осно	ф
6	Мамыржанов Ә.	житель	8705 5290199	осно	ф
7	Мамраев К.Т.	житель	8744 292816	осно	ф
8	Берешев А.	житель	8744 1510662	осно	ф
9	Мурзабаев К.	житель	-	осно	-
10	Сейменов М.П.	председатель	-	осно	-
11	Мурештаева З.А.	секретарь	-	осно	ф
12	Мастинев М.	"Самал" ЖШС	8702 740309	осно	ф
13	Муратаева А.	"ТЛОЗ" ЖШС	8705 178015	осно	ф
14	Кутмазар А.	"ТЛОЗ" ЖШС	8744 999085	осно	ф
15					
16					
17					
18					
19					
20					
21					
22					
23					
24					
25					
26					
27					
28					
29					
30					
31					
32					
33					
34					

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруларды орналастыру туралы фотоматериалдар

Темекі бағасы қымбаттайды

2-бет

13 маусым 2024 жыл, бейсенбі

Нөмірдің таралымы – 1250

18+

Менің өлкем

Жаңа Қызыл дүңгірлер

Жаңа Қызыл дүңгірлер

2-бет

ШҚО-да мамыр айында қандай

ШҚО-да мамыр айында қандай

6-бет

Абайдың ардақтаған Айғаным

Абайдың ардақтаған Айғаным

7-бет

Көгерген дене, кір сіңген киім

5-бет

Шымкентте сотқа тартылып жатқан қатыгез емші 6 баланың екеуін Өскеменнен асырап алған

Менің өлкем газетіне барлық "Қазпошта" АҚ бөлімшелерінде 2024 жылға жазылу жалғасуда

Индекс	Жазылушылар санаты	1 айға	3 айға	6 айға	
19044	ҚАЛА	Жеке тұлғалар үшін	778 тг	2334 тг	4668 тг
19045	ҚАЛА	Заңды тұлғалар үшін	1003 тг	3009 тг	6018 тг
19044	АУЫЛ	Жеке тұлғалар үшін	778 тг	2334 тг	4668 тг
19045	АУЫЛ	Заңды тұлғалар үшін	1003 тг	3009 тг	6018 тг

Редакцияға көліп газеттің әр санын сатып алуға болады. Бағасы 200 тг

POST

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының Бас демеушісі Halyk Bank

Қазақстан Республикасының Үкімет үйінде 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі Ұйымдастыру комитеті мен Halyk Bank арасындағы ықпымдастық туралы келісімге қол қойылды. Ынтымақтастық туралы келісімге Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары, 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Төрағасы Роман Сіяр және Halyk Bank АҚ Басқарма Төрайымы Үміт Шахметова қол қойды. Қол қою рәсіміне Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев, 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі Дирекция басшысы Нәиле Нұрова қатысты. Бұл келісім 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының маңыздылығын арттырып, мемлекет пен бизнес арасындағы әріптестік нығайта түседі. Бас серіктес ретінде Halyk Bank 8-13 қыркүйек аралығында Астанада өтетін көшпенділер ойындарын ұйымдастыру ісіне айтарлықтай қолдау көрсетеді. Өз сөзінде Роман Сіяр Қазақстанның тарихи тұрғыда дәстүрлі көшпелі мәдениеттің сақтаушысы екеніне ерекше мән беріп, "Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев көшпелі өркениеттің мұрасын халықмыздың басты брендтерінің бірі деп атады. Бұл мұраны біз Астандағы ойындар кезінде жаһандық деңгейде таны-

туымыз керек", - деп мәлімдеді. Роман Сіярдың пікірінше, 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бас серіктесі ретінде Қазақстанның қаржы саясатының көшбасшысы – Halyk Bank-тің таңдалуы толықтай орынды. Банк қаржылық қызмет көрсетуші ғана емес, сонымен қатар бүкіл республика бойынша әлеуметтік жобаларды белсенді түрде іске асырып отырған аса жауапты мекеме. Өз тарапынан Halyk Bank басшысы Үміт Шахметова мұндай жоғары деңгейдегі маңызды халықаралық жобаға қолдау көрсетуі банк үшін үлкен мәртебе әрі асқан жауапкершілік екенін айта келе, "Біз 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу еліміздің әлемдік қауымдастық алдындағы абыройын арттырудағы айтарлықтай қадам деп есептейміз. Бұл ортақ мұрамыз бен мәдени коддымызды сақтаудың маңыздылығын дәріптеуге бағытталған, жүзден астам мемлекет өкілдері қатысатын халықаралық жоба. Біз банк ретінде елдің дамуы мен Қазақстан халқының игілігіне бағытталған істерді әрқашан қолдаймыз", - деп атап өтті. 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Астанада 8-13 қыркүйек аралығында өтеді. 21 спорт түрін қамтыған додалы жарысқа әлемнің 85 елінен 2000-нан аса спортшы қатысады.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу Дирекциясының баспасөз қызметі.



Halyk стал генеральным партнером 5-х Всемирных игр кочевников



В Доме правительства Республики Казахстан состоялось подписание соглашения о сотрудничестве между Организационным комитетом по подготовке и проведению 5-х Всемирных игр кочевников и Halyk Bank. Соглашение о сотрудничестве было подписано Первым заместителем премьер-министра Республики Казахстан, Председателем Организационного комитета по подготовке и проведению 5-х Всемирных игр кочевников Романом Сіяр и председателем правления Halyk Bank Үміт Шахметовой. На церемонии подписания также присутствовали вице-министр туризма и спорта Серік Жарасбаев и руководитель Дирекции по подготовке и проведению 5-х Всемирных игр кочевников Нәиле Нұрова. Данное соглашение не только подтверждает статус предстоящего мероприятия, но и укрепляет партнерские отношения между государством и бизнесом. Как генеральный партнер, Halyk окажет существенную поддержку в организации и проведении Игр, которые пройдут с 8 по 13 сентября 2024 года в Астане. В своей речи Роман Васильевич Сіяр подчеркнул, что Казахстан исторически является хранителем исконно кочевой культуры: «Глава государства, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев, назвал наследие кочевой цивилизации одним из главных брендов нашего народа. Это мы и должны продемонстрировать всему миру во время проведения Игр в Астане».

По мнению Романа Васильевича Сіяра, совершенно справедливо, что генеральным партнером 5-х Всемирных игр кочевников выступит лидер финансовой отрасли Казахстана – Halyk Bank. Банк является проводником не только финансовых услуг, но и активно поддерживает социальные проекты в масштабе всей республики. Со своей стороны, глава Halyk Bank Үміт Шахметова отметила, что для банка поддержка столь важного странового проекта является как большой частью, так и большой ответственностью. «Мы в полной мере осознаем, что проведение 5-х Всемирных игр кочевников – это важный шаг в формировании имиджа нашей Родины в глазах мирового сообщества. Это международный проект, призванный продемонстрировать важность сохранения нашего общего наследия, общего культурного кода, проект, в котором задействованы более сотни стран. Как банк, мы всегда поддерживаем то, что направлено на развитие страны и благо народа Казахстана». Напомним, 8-13 сентября в Астане пройдет масштабное спортивное событие – 5-е Всемирные игры кочевников, которое соберет более 2000 участников из 85 стран мира. Соревнования пройдут по 21 виду спорта.

Пресс-служба Дирекции по подготовке и проведению 5-х Всемирных игр кочевников

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің 96-б. талаптарына сәйкес, "Семей-Орда" ЖШС 30.07.2024 жылы сағат 11:00-де Абай облысы, Бескарағай ауданы, Бөдене ауылы, А.Қашаубаев к-сі ба (өңімшілік тигераты) мекен-жайы бойынша "Абай облысы Бескарағай ауданы Долоп ауылдық округінде минералды (активирлендірілген) ұнтақ өндіру кәсіпін салу" жұмыс жобасына құжаттар жиынтығы бойынша ашық жиналыс түрінде қорғандық тыңдау өтетіні хабарланды.

Жобалық құжаттама Бірыңғай экологиялық порталда қолжетімді.

Конференция сәйкестендіргіші: 897 4605 5084

Юр. код: 560XAO.

Қосымша ақпарат бөлігімен қызметтің бастамашысы – "Семей-Орда" ЖШС. БСН 001140002864, ҚР Абай обл., Семей қ-сы, Тихий, 22. Тел: 8 702 704 6909 қолжетімді.

Жобалушы: "ЭКО2" ЖШС. ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Стахановская к-сі 70/1. Тел: 8(7232) 402-842.

Объявление

ТОО "Семей-Орда", в соответствии с требованиями ст.96 Экологического кодекса РК, сообщает, что 30.07.2024 года в 11:00 ч. по адресу: область Абай, Бескарагайский район, с.Бөдене, ул.А.Кашаубаева 6а состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по комплексу документов по проекту Строительство комплекса по производству минерального (активированного) порошка в Долопском сельском округе Бескарагайского района области Абай.

Проектная документация доступна на Едином экологическом портале.

Идентификатор конференции: 897 4605 5084

Код доступа: 560XAO

Дополнительная информация доступна у инициатора намечаемой деятельности: ТОО "Семей-Орда". РК, обл.Абай, г.Семей, переулок Тихий, 22. БИН 001140002864, тел.: 8 702 704 6909.

Проектировщик: ТОО "ЭКО2". Юр.адрес: РК, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул.Стахановская 70/1. Тел.: 8(7232) 402-842.



«ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯСЫ – АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ АБАЙ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
ФИЛИАЛ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯ»
«ҚАЗАҚСТАН» В ОБЛАСТИ АБАЙ

SEMEI

Эфирная справка

11 июня 2024г.

Настоящим филиал АО «РТРК «Казахстан» в области Абай (представленный в кабельных сетях «Алма ТВ», «СемСат ТВ», а также доступный в сети «ID TV» на всей территории Республики Казахстан) подтверждает, что была размещена бегущая строка, клиента Филиал ТОО «ЭКО2», 10 июня 2024 года (1 день):

ХАБАРЛАНДЫРУ:

ҚР Экологиялық кодексінің 96 б. талаптарына сәйкес, «Семей орда» ЖШС 30.07.2024 жылы сағат 1100-де Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Бөдене ауылы, А.Қашаубаев к-сі ба (әкімшілік ғимараты) мекен-жайы бойынша «Абай облысы Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округінде минералды (активтендірілген) ұнтақ өндіру кешенін салу» жұмыс жобасына құжаттар жиынтығы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды. Жобалық құжаттама Бірыңғай экологиялық порталда қолжетімді. Конференция сәйкестендіргіші: 897 4605 5084 Кіру коды: 5eGxA0. Қосымша ақпарат белгіленген қызметтің бастамашысы – «Семей-Орда» ЖШС. БСН 001140002864, ҚР, Абай обл., Семей к-сы, Тихий, 22. Тел.: 8 702 704 6909 қолжетімді. Жобалаушы: «ЭКО2» ЖШС. ҚР, ШҚО, Оскемен қ., Стахановская к-сі 70/1. Тел.: 8(7232) 402-842 (ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің № 01460Р лицензиясы 16.03.2012 ж. берілген).

ОБЪЯВЛЕНИЕ:

ТОО «Семей Орда», в соответствии с требованиями ст.96 Экологического кодекса РК, сообщает, что 30.07.2024 года в 1100 ч. по адресу область Абай, Бесқарағайский район, с.Бөдене, ул.А.Қашаубаева ба состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по комплекту документов по проекту Строительство комплекса по производству минерального (активированного) порошка в Долонском сельском округе Бесқарағайского района области Абай. Проектная документация доступна на Едином экологическом портале. Идентификатор конференции: 897 4605 5084 Код доступа: 5eGxA0 Дополнительная информация доступна у инициатора намечаемой деятельности: ТОО «Семей-Орда», РК, обл.Абай, г.Семей, переулок Тихий, 22. БИН 001140002864, тел.: 8 702 704 6909. Проектировщик: ТОО «ЭКО2». Юр.адрес: РК, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул.Стахановская 70/1. Тел.: 8(7232) 402-842. (Лицензия № 01460Р от 16.03.2012г выдан Мин охраны окружающей среды РК).


Количество выходов в сутки не менее 50 на казахском и русском языке.

Старший менеджер отдела рекламы
АО «РТРК «Казахстан» в области Абай



Байкетаев Н.Е.

4- қосымша



5-қосымша

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын баяндамалардың мәтіндері

«Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Долон ауылдық округінде минералды (активтендірілген) ұнтақ өндіру кешенін салу» жұмыс жобасына экологиялық әсер етуге рұқсат алу үшін құжаттар жиынтығы бойынша қоғамдық тыңдауларға баяндама

Жоспарланған қызметті жүзеге асыру мақсаты: минералды (активтендірілген) ұнтақ өндіру кешенін салу.

«Семей-Орда» ЖШС 0-5 мм, 5-20 мм, 20-40 мм, 40-90 мм фракциядағы әктас өндіру бойынша жұмыстарды жүзеге асырады.

Қолданыстағы №:KZ80VCZ03322753 01.09.2023 жылғы әсер етуге рұқсатына сәйкес объектіге II санат берілді.

Минералды (активтендірілген) ұнтақ өндіру кешенінің құрылысын тікелей «Семей-Орда» ЖШС аумағында жүзеге асыру жоспарлануда.

Әкімшілік тұрғыда жұмыстарды жүргізу учаскесі Долон ауылдық округі, Бесқарағай ауданы, Абай облысы мекен-жайында орналасқан.

Минералды (активтендірілген) ұнтақ өндіру кешенін пайдалану кезеңінде жұмыскерлер саны - 8 адам. Жұмыстар 1 ауысымда жүргізіледі, жылына 200 тәулік. Әктас өңдеу кешеніндегі жұмысшылар саны өзгеріссіз қалады және 20 адамды құрайды. Жұмыс режимі өзгермейді-бір ауысымның ұзақтығы күніне 8 сағат, жылына 2920 сағатты құрайды.

Минералды ұнтақ өндіретін кешен құрылысының ұзақтығы 2 айды құрайды. Құрылыс-монтаждау жұмыстары кезеңіне қызметкерлер саны-12 адам. Жұмыстарды жүргізу 2024 жылдың үшінші тоқсанына жоспарланған.

Жұмыс жүргізу аумағына ең жақын елді мекен Бодене кенті, шығыс бағытта 18 км қашықтықта орналасқан. Жобаланатын жұмыстарды жүргізу учаскесінің шекарасынан солтүстік-шығыс бағытында 1.7 км қашықтықта «Берег» демалыс базасы орналасқан.

Жұмыстар жүргізу аумағына ең жақын су объектісі Ертіс өзені болып табылады. Ол солтүстік-шығыс бағытта 1,6 км қашықтықта орналасқан. Жобалау учаскесі су қорғау аймақтары мен су объектісінің жолақтарынан тыс орналасқан.

Әрі қарай, қоршаған ортаның жеке компоненттеріне егжей-тегжейлі әсер етуді қарастырамыз.

Ауа ортасына әсер ету, атмосфералық ауаға эмиссиялар

Минералды ұнтақ өндіру кешенінен атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының жыл сайынғы көлемі пайдалану кезеңінде жылына 158,2 т.

Қолданыстағы әктас өңдеу кешенінің шығарындыларының көлемі өзгеріссіз қалады және мынаны жылына 62,99 т құрайды.

Известковое-Левобережное кен орнының әктас өңдеу кешенінің және минералды (активтендірілген) ұнтақ өндіру кешенінің ластаушы заттардың жалпы шығарындылары жылына 221.2 т құрайтын болады.

Минералды (активтендірілген) ұнтақ өндіру кешенін салу кезеңінде атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының көлемі жылына 14,8 т құрайды.

Пайдалану кезеңінде ластаушы заттардың сейілтуін есептеу негізінде жақын орналасқан тұрғын аймақтың шекарасында, сондай-ақ СҚА (мөлшері 500 м) шекарасында ластаушы заттардың шекті жол берілетін концентрациясының аспайтындығы анықталды.

Жобаланатын минералды (активтендірілген) ұнтақ өндіру кешенінде атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар кешені көзделген, атап айтқанда: қондырғылардағы шаң басатын циклон және қап сүзгісі: кептіру барабаны және трапедия диірмені. Қондырғылардағы тазалау дәрежесі кептіру барабанында 92% және трапедия диірменінде 96% болады.

Қарастырылып отырған объектінің атмосфералық ауаға әсерін бағалау рұқсат етілген деп сипатталады.

Су ортасына әсері

Су құрылыс жұмыстары кезінде тұрмыстық және техникалық қажеттіліктерге қажет болады.

Жұмыстарды жүргізу учаскесін шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау мамандандырылған ұйымдармен шарт бойынша бөтелкедегі әкелінетін сумен көзделеді.

Ауыз су сапасындағы суды тұтыну жылына 13,2 м³ құрайды.

Құрылыс кезеңінде «Биотуалет» жылжымалы дәретхана кабиналарын орнату көзделеді. Қажеттілігіне қарай, сарқынды сулар мамандандырылған ұйыммен шарт негізінде тазарту қондырғыларына әкетілетін болады.

Құрылыс кезеңінде су әр түрлі техникалық қажеттіліктерге (шанды басу және т.б.) қолданылатын болады. Құрылыс кезеңіне техникалық судың қажет көлемі жылына 100 м³ құрайды және пайдаланушы ұйыммен келісім бойынша жақын маңдағы орталықтандырылған желілерден әкелінеді. Суды тұтыну қайтымсыз.

Пайдалану процесінде су тұрмыстық және техникалық қажеттіліктерге қажет болады.

Пайдалану кезеңінде сумен жабдықтауды мамандандырылған ұйымдармен шарт бойынша бөтелкедегі әкелінетін су есебінен жүзеге асыру жоспарлануда.

Ауыз су сапасын тұтыну жылына 73 м³ құрайды.

Пайдалану кезеңінде су бұру су өткізбейтін ойықта жүзеге асырылатын болады, кейіннен арнайы ұйыммен шарт бойынша тазарту қондырғыларын әкетіледі.

Сондай-ақ пайдалану кезеңінде пайдаланушы ұйыммен келісім бойынша жақын маңдағы орталықтандырылған желілерден жылына 2000 м³ мөлшерінде әкелінетін техникалық су қолданылатын болады. Техникалық су әртүрлі техникалық қажеттіліктерге (шанды басу және т.б.) қолданылады. Суды тұтыну қайтымсыз.

Өктас өндеу кешенінің қолданыстағы алаңын сумен жабдықтау және су бұруда өзгерістер күтілмейді.

Жер үсті және жер асты су көздерінен тікелей су алу, сондай-ақ, жұмыстарды жүргізген кезде сарқынды суларды жер үсті және жер асты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне ағызу жүзеге асырылмайды.

Қандай да бір объектілерді, уақытша және тұрақты ғимараттар мен құрылыстарды орналастыру, су объектілерінің су қорғау белдеулерінің минималды мөлшері шегінде қандай да бір жұмыстар жүргізу көзделмейді.

Су ресурстарына қандай да бір әсерлердің болмауына байланысты объектіде эмиссиялар мониторингі жүргізілмейді.

Су ортасына әсерді азайту мақсатында мынадай іс-шаралар көзделген:

- техникаға техникалық қызмет көрсету қарастырылып отырған учаскеден тыс ТҚК станцияларында жүргізілетін болады.

- механизмдердің агрегаттарынан жанар-жағармай материалдарының ағуына жол бермейтін май ұстайтын табандар мен басқа да құрылғылар пайдаланылатын болады.

- жер үсті және жер асты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне ағынды сулардың немесе басқа да сулардың кез келген төгілуін болдырмау.

- жұмыс учаскелерінде автокөлікті және басқа да механизмдерді жууын болдырмау.

Қарастырылып отырған объектінің су ортасына әсерін бағалау рұқсат етілген деп сипатталады.

Қалдықтардың түрлері, сипаттамалары және саны туралы ақпарат

Минералды ұнтақ өндіру жөніндегі кешенді пайдалану кезеңінде қалдықтардың пайда болу көлемі жылына 0,62263 тоннаны құрайды.

Өктасты қайта өндеу кешенінің қолданыстағы алаңындағы қалдықтардың жылдық көлемі өзгеріссіз қалады және жылына 1,5 тоннаны құрайды.

Известковое-Левобережное кен орны өктас өндеу кешенінің және минералды (активтендірілген) ұнтақ өндіру кешенінің қалдықтарының жалпы пайда болу көлемі жылына 2,12263 тонна болады деп күтілуде.

ҚМЖ кезеңінде көзделіп отырған қызмет объектісі бойынша қалдықтардың төрт түрі пайда болады, оның ішінде екеуі қауіпті және екеуі қауіпсіз түрі.

Минералды ұнтақ өндіру кешенін салу кезеңінде қалдықтардың пайда болу көлемі жылына 0,15845 тоннаны құрайды.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жиналуы және уақытша сақталуы контейнерлерде жүзеге асырылады. Қалдықтардың жиналуына қарай олар мамандандырылған ұйыммен шарт негізінде шығарылатын болады.

Жер қойнауы мен топыраққа әсері

Көзделген жобалық шешімдерді іске асыру процесінде жер ресурстары мен топыраққа әсері:

- Аумақты жоспарлау кезінде жер массаларының қозғалысы;
- құрылыс материалдарын түсіру;
- негіз топырақтарына статистикалық жүктемелердің өзгеруі;
- топырақтың ластану көзіне айналуы мүмкін қалдықтардың пайда болуы сияқты әсерлерде болады.

Қоршаған ортаға әсерді азайту мақсатында келесі іс-шаралар көзделген:

- құрылыс материалдарының сақталуы жабық металл контейнерлерде жүзеге асырылады немесе материалдар бірден жұмысқа жіберілетін болады;

- алынған құнарлы топырақ қабаты уақытша үйінділерге сақталу үшін жиналады. Болашақта құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін алынып тасталған құнарлы топырақ қабаты объектінің аумағында жасыл учаскелерді – гүлзарлар мен көгалдарды қалыптастыру үшін пайдаланылатын болады;

- жұмыстарды жүргізу кезінде химиялық реагенттер пайдаланылмайды, барлық механизмдер май ұстайтын табандықтармен қамтамасыз етіледі;

- жұмыстар жүргізілгеннен кейін учаскелерден барлық механизмдер мен жабдықтар алынып тасталады.

Жобаны жүзеге асыру кезінде құрылыс жұмыстарын жүргізу ережелерін, пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда жер қойнауына теріс әсері болмайды.

Жалпы, қарастырылып отырған объектінің жер қойнауына әсерін бағалауы рұқсат етілген деп сипатталады.

Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсері

Жоспарланған қызметті іске асыру «Семей-Орда» ЖШС кәсіпорнының қолданыстағы алаңында көзделуіне байланысты жануарлар мен өсімдіктер әлемін пайдалану көзделмейді.

Жоспарланған қызметтің өсімдіктерге әсер ету аймағы жобалау учаскесімен шектеледі.

Бұл ретте, пайдалану кезеңінде, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезеңінде өсімдіктер әлеміне теріс әсер болмайды.

Өсімдіктер әлеміне теріс әсердің болмауына байланысты биоауантүрлілік шығындарын бағалау және оларды өтеу жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ осы іс-шараларды жүргізу мониторингі және олардың тиімділігі көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру процесінде әзірленбейді.

Биоәртүрлілікке теріс әсер етудің алдын алу, оны азайту және азайту бойынша шаралар келесідей:

- уәкілетті органның келісімінсіз жасыл желектерді бұзуға және қайда егуге тыйым салынады;

- жасыл желектердің бүлінуіне немесе жойылуына әкеп соғуы мүмкін заңсыз әрекеттерге жол бермеу;

- жасыл желектерді өндірістік және құрылыс қалдықтарымен, сарқынды сулармен ластауға жол бермеу;

- жасыл желектер орналасқан учаскелерде автомобильдер мен өзге де көлік құралдарының қозғалысын, тоқтауын және тұрағын болдырмау;

- алаң аумағын және іргелес алаңдарды таза ұстау.

Жобаланатын объектінің аумағына жақын жерлерде сирек кездесетін, құрып кету қаупі төнген және Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар түрлері жоқ.

Белгіленген қызметті іске асыру ұзақ уақыт бойы қарқынды антропогендік әсерге ұшыраған қолданыстағы кәсіпорынның аумағында көзделеді.

Қарастырылып отырған объектінің өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсерін бағалау қолайлы деп сипатталады.

Физикалық әсер

Жобаны іске асыру кезінде және оны аяқтаған кезде қосымша физикалық әсерлер болмайды. Кешенді салу кезінде жұмыс орындарында адамға әсер ететін Шу мен дірілді рұқсат етілгеннен аспайтын мәндерге дейін төмендету бойынша барлық қажетті шаралар қабылданатын болады.

Радиоактивті көздерді пайдалану көзделмейді. Электромагниттік әсер рұқсат етілген нормалар шегінде болады.

Қондырғылар мен жабдықтарды пайдалану технологиялық регламенттерді сақтай отырып жүргізілетін болады.

Пайдалану кезіндегі шу көздері болып тербелетін қоректендіргіш; кептіру барабаны; шаң желдеткіші болады.

Құрылыс кезеңінде көзі болып автокөлік табылады.

Шу әсері тікелей пайдалану және құрылыс алаңында болады.

Дыбыстық қысымды есептеуге сәйкес, СҚА шекарасында (500 метр) пайдалану кезінде шудың максималды деңгейі 38 дБА құрайды.

Жүргізілген дыбыстық қысымды есептеулеріне сәйкес, тұрғын аймақтың құрылыс учаскесінен алшақ (18 км) орналасуына байланысты дыбыстық қысымды есептеу ҚМЖ алаңынан 500 метр радиуста жүргізілді, құрылыс кезеңінде 500 метр қашықтықта шудың ең жоғары деңгейі 32 дБА құрайды.

Жүргізілген есептер нәтижесінде құрылыс және пайдалану кезеңінде тұрғын үй және санитарлық-қорғау аймақтарының аумағында шудың рұқсат етілген деңгейінің нормативтерінен асып кетуі байқалмайды, сондықтан шу әсері болмайды.

Адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына, олардың өмір сүру және қызмет ету жағдайларына әсері

Қаралып отырған жобаны жүзеге асыру кезінде халықтың денсаулығына нормативтен тыс әсер етпейді, өйткені жүргізілген есептеулер негізінде тұрғын үй аймағымен шекарада, сондай-ақ СҚА шекарасында атмосферадағы ластаушы заттардың шекті концентрациясының асып кетуі анықталған жоқ.

Нысан қызметінен болатын әлеуметтік-экономикалық салдарлардың болжамы қолайлы. Жоспарланған қызметті іске асыру жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария, өртке қарсы қауіпсіздік нормалары мен қағидаларын сақтай отырып жұмыстарды жүргізу жоспарланған жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз етеді және әлеуметтік-тұрмыстық салаға қосымша, жағымсыз жүктеме туғызбайды.

Орындалған есептеулер, оларды талдау негізінде, сондай-ақ қабылданған технологиялық шешімдерді ескере отырып, көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде туындауы мүмкін барлық ықтимал факторлардың қоршаған ортаға теріс әсері көзделіп отырған қызмет объектілерін орналастыру учаскесінің аумағымен шектелетін болады және олардың шегінен шықпайды.

Қорытындылар

Жұмыстарды жүргізу, көзделген технологиялық шешімдерді орындау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану кезінде тиісті нормалар мен қағидалар сақталған жағдайда, көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру қазіргі экологиялық жай-күйді бұзбайды, қоршаған ортадағы материалдық өзгерістерді бермейді, халықтың денсаулығына теріс әсер етпейді. Қоршаған ортаға елеулі және қайтымсыз зиян келтірілмейді.